

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені

Мамандығы: Халықаралық құқық

Шифр: 5B030200

Пән: ҚР және шет елдердің әлеуметтік қамсыздандыру құқығы

Емтихан сұрақтары

- Әлеуметтік қамсыздандырудың түсінігі
- Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының пәні
- Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының әдістері
- Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының жүйесі
- Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының қайнар көздерінің түсінігі және түрі
- Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының салалық қағидалары
- Әлеуметтік қамсыздандыру бойынша құқықтық қатынастардың түсінігі және түрлері
- Әлеуметтік қамсыздандыру бойынша құқықтық қатынастың субъектілері
- Әлеуметтік қамсыздандыру бойынша құқықтық қатынастың мазмұны және объектілері
- Әлеуметтік қамсыздандыру бойынша құқықтық қатынастардың пайда болуы, өзгертуі және тоқтатылу негіздері
- Мемлекеттік қаражат есебінен зейнетақымен қамсыздандыруға құқығы
- Зейнетақы тағайындау үшін еңбек стажы
- Орталықтан зейнетақы төлемдерін есептеу және тағайындау
- Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақыны алуға құқығы
- Зейнетақы аннуитет шарты
- Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін ұйымдастыру
- Мүгедектік бойынша жәрдемақы
- Асыраушыдан айырылу бойынша жәрдемақы
- Жас бойынша жәрдемақы
- Арнайы мемлекеттік жәрдемақы
- Мекен – жайлық әлеуметтік көмек
- Біртұтас атаулы жәрдемақылар

Өзін-өзі тексеруге арналған тестілік сұрақтар

1. Әлеуметтік қорғаудың экономикалық функциясы келесіден тұрады:
 - А) белгілі бір өмірлік жағдайдың басталуымен байланысты жойылған еңбекақының орнын толтыру;
 - В) қоғамда әлеуметтік тұрақтылықты сақтау;
 - С) елдегі халықтың қайта өндіруді жүзеге асыру ;
 - Д) еңбекке қабылетсіз азаматтардың қоғамдық мәртебесін қалпына келтіру;
 - Е) әлсіз қорғалған халық топтарын әлеуметтік қорғау;
2. Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы жеке құқық саласы ретінде қай жылы бөлінді?
 - А) 1956 жылы;
 - В) 1966 жылы;
 - С) 1975 жылы;
 - Д) 1986 жылы;
 - Е) 1995 жылы;
3. Материалдық құқықтық қатынастардың объектісі.
 - А) әлеуметтік қамсыздандырудың нақты түрін тағайындау туралы мемлекеттік органдарының іс әрекет – шешімі;
 - В) осы құқықтық қатынастардың негізі болып табылатын материалдық игілік;
 - С) даудың пәні бойынша мемлекеттік органдарының іс - әрекет шешімі;

D) әлеуметтік қамсыздандыруды беру туралы мемлекеттік органдарының іс - әрекет шешімі;

E) әлеуметтік қамсыздандыруға құқықты жүзеге асыру барысында туындаған дау.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте зейнетақымен қамсыздандыру құқығына ие болады.

A) тек ҚР азаматтары;

B) ҚР азаматтары және зейнетақымен қамсыздандыру туралы екіжақты халықаралық шарттар жасалған ТМД елдерінің азаматтары;

C) ҚР азаматтары және ҚР территориясында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғалар;

D) ҚР азаматтары. Егер заңда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, ҚР территориясында тұрақты шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар;

E) ҚР азаматтары. Қаз КСР территориясында тұрған, КСРО-ның азаматтары болған – азаматтығы жоқ тұлғалар.

5. Орталықтан зейнетақы төлемдерін есептеу үшін орташа айлық табысты анықтаған кезде қандай уақыт мерзімі есепке алынады?

A) зейнетке шығу алдындағы соңғы жұмыс жылы;

B) үш жыл;

C) бір жыл;

D) Екі жыл;

E) Алты ай.

6. Зейнетақы төлеу бойынша Орталық қандай ұйымдастырушылық – құқықтық нысанда құрылған?

A) жедел басқару құқығына негізделген мемлекеттік кәсіпорын;

B) шаруашылық жүргізу құқығына негізделген мемлекеттік кәсіпорын;

C) акциялардың 100 пайызы мемлекетке жататын жабық акционерлік қоғам;

D) қоғамдық бірлестік;

E) ашық халық акционерлік қоғам.

7. Өткен уақыт үшін тағайындалған, бірақ алушымен талап етілмеген Орталықтан зейнетақы төлемдерінің суммалары төленуі мүмкін бе?

A) иә

B) жоқ

C) білмеймін

D) болады, бірақ егер суммаларды талап етпеудің себептері дәлелді танылса;

E) болады, бірақ оларды алуға өтіну алдында үш жылдан аспайтын мерзімде

8. 2001 жылдың 1 шілдеден бастап әйел адамдар үшін қандай жасқа жеткеннен кейін Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындау жүзеге асырылады?

A) 55 жас;

B) 56 жас;

C) 58 жас;

D) 61 жас;

E) 61,5 жас.

9. Зейнетақы төлемдері бойынша мемлекеттік Орталық қандай қайнар көздерін қажетті суммаларды төлейді?

A) жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының міндетті және ерікті зейнетақы салымдары есебінен;

B) мемлекеттік бюджеттен ассигнованийлер есебінен;

- C) міндетті әлеуметтік жинақтаушы қорының қаражаты есебінен;
- D) мемлекеттік жинақтаушы қорының қаражаты есебінен;
- E) ҚР салық комитетінің есебінде тұратын барлық жұмыс берушілермен аударылатын қаражат есебінен.

10. Заңнамамен мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларының қандай түрлері қарастырылған?

- A) ашық;
- B) жабық;
- C) корпоративті;
- D) ашық және корпоративті;
- E) жабық және корпоративті.

11. Жинақтаушы зейнетақы қорында басқарушы қызметкер бола алмайды:

- A) жоғары білімі жоқ тұлға;
- B) заңмен бекітілген тәртіпте алынбаған соттылығы бар тұлға;
- C) біліктілік эмтиханды тапсырмаған тұлға;
- D) барлық жауаптар дұрыс емес;
- E) барлық жауаптар дұрыс.

12. Жинақтаушы зейнетақы қорларынан жеке зейнетақы есеп шоттарынан бар зейнетақы жиналымдардан зейнетақы төлемдері алушыға келесі құжат бар болғанда жүзеге асырылады;

- A) жеке куәлік құжаты;
- B) жеке әлеуметтік код ;
- C) салық төлеушінің тіркеу номері ;
- D) зейнетақы шарты;
- E) аталған барлық құжаттар.

13. Салымшының мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорымен тұлғаның, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлғаның міндетті зейнетақы салымдарын аудару және төлеу қайнар көзінде міндетті зейнетақы салымдарын ұстап қалу туралы зейнетақы шарты жоқ болған жағдайда;

- A) ұстап қалған міндетті зейнетақы салымдарының суммаларын алушымен таңдалған басқа мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорына аудару;
- B) ұстап қалған міндетті зейнетақы салымдарының суммаларын мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорына аудару;
- C) алушының өтініші бойынша міндетті зейнетақы салымдарының ұстап қалған суммасын үшінші тұлғалардың пайдасына аудару;
- D) алушыға ұстап қалған сумманы беру;
- E) аталған іс - әрекеттерінің кез келгенін жасау.

14. Мүгедектілік бойынша жәрдемақы, егер оны тағайындау туралы өтінген тұлға осы жәрдемақыны тағайындау мезетте жұмыс істейтін болса, ол төленеме?

- A) жоқ, жәрдемақыны төлеу тоқтатылады;
- B) жоқ, мүгедек деп танылған тұлға жұмыс істеуді тоқтатқанға дейін жәрдемақыны төлеу тоқтата тұрады;
- C) иә, жәрдемақыны төлеу жалғастырылады;
- D) иә, бірақ жәрдемақыны төлеу алынатын табыс мөлшерінің есебімен қайта қаралады;
- E) иә, бірақ төленетін жәрдемақының мөлшері екі есеге азаяды.

15. Қандай мерзім ішінде өз қызметін тоқтататын мемлекеттік емес ЖЗҚ алушылар мен салымшыларға тоқтатылуы туралы хабарлауға міндетті:

- A) үш ай;
- B) бір ай;
- C) 20 күн;
- D) 15 күн;
- E) 10 күн.

16. Банк – кастодиан бұл:

A) зейнетақы салымдарын алушының пайдасына зейнетақы салымдарын жүзеге асыратын заңды тұлға;

B) салымшылардың міндетті зейнетақы салымдарын жинауды және алушыларға зейнетақы төлемдерін төлеуді, сондай – ақ зейнетақы активтерін құруды және оларды мемлекеттік бағалы қағаздарға, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарына инвестициялауды жүзеге асыратын банк;

C) клиенттің бағалы қағаздары мен ақшаның есебін және жауапты сақтау бойынша қызметті көрсететін банк;

D) жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын заңды тұлға;

E) жинақтаушы зейнетақы қорының аффинирленген тұлға болып табылатын банк.

17. Жәрдемақыны тағайындау үшін құжаттарды ұсынған күннен бастап әлеуметтік қорғау органы өтінген тұлғаға өзінің шешімі туралы қандай мерзім ішінде хабарлауға міндетті?

- A) 10 күн;
- B) 5 күн;
- C) 15 күн;
- D) 3 күн;
- E) 7 күн.

18. Жерасты және ашық тау жұмыстарында, аса зиянды және ауыр еңбек жағдайында жұмыс істеген тұлғаларға мемлекеттік арнайы жәрдемақы қандай мөлшерде жүзеге асырылады:

- A) 5 айлық есептік көрсеткіш;
- B) 6 айлық есептік көрсеткіш;
- C) 8 айлық есептік көрсеткіш;
- D) 10 айлық есептік көрсеткіш;
- E) 2 айлық есептік көрсеткіш.

19. Егер мүгедектік бойынша жәрдемақы ны алушы зейнетақы төлемдері бойынша Мемлекеттік орталықтан және жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы төлемдерін алушы тұлға болса, бұндай жағдайда жәрдемақыны төлеу:

A) тоқтатылады;

B) алушы өз қалауы бойынша мүгедектік бойынша жәрдемақыны немесе зейнетақы төлемдерін таңдауға құқылы;

C) мүгедектердің осы категориясы үшін заңмен қарастырылған мөлшерде жалғасады;

D) егер ЗТМО және Мемлекеттік емес зейнетақы қорынан жиынтық төлемінің мөлшері мүгедектік бойынша айлық жәрдемақының мөлшерінен аз соманы құрайтын болса, онда мүгедектердің осы категориясы үшін бекітілген жәрдемақы мөлшеріне дейінгі сомада зейнетақы төлемдеріне қосымша түрінде жүзеге асырылады;

E) мүгедектік бойынша жәрдемақы зейнетақының минималды мөлшеріне қарай ЗТМО және Мемлекеттік мөлшеріне тепе-тең төленеді.

20. Асыраушыдан айырылу жағдайында жәрдемақы алу құқысы жоқ тұлғаларды көрсетіңіз:

- A) еңбекке қабілетті ата – аналары жоқ 18 жасқа толған ағалары, апалары;
- B) ата – аналардан алимент алатын өгей балалары;
- C) зейнетақы жасына жеткен ата – аналар, ерлі - зайыптылар;
- D) зейнетақы жасына жеткен ата - әжесі, егер оларды асырауға міндетті басқа тұлғалар жоқ болса;
- E) ақылы орта арнайы білім беру жүйесінде оқытылатын 18 жасқа жеткен азаматтар.